



**«Bank RBK» Банкі» Акционерлік қоғамы  
Акционерлерінің Жылдық жалпы жиналысының  
№ 2 Хаттамасынан үзінді көшірме**

Заңды тұлғаның толық атауы – «Bank RBK» Банкі» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Bank RBK» АҚ, Банк).

**Атқарушы органның орналасқан жері:**

050013, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Республики алаңы көшесі, 15.

**Жиналысты өткізу орны:**

050013, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Республики алаңы көшесі, 15.

**Өткізу күні:** 29 мамыр 2020 жыл.

**Тіркеу уақыты:** Нұр-Сұлтан қаласы уақытымен сағат 10:00-ден 10:50-ге дейін.

**Жиналысты өткізу уақыты:** Нұр-Сұлтан қаласы уақытымен сағат 11:00-ден 11:45-ке дейін.

Банк акционерлерінің Жылдық жалпы жиналысы (бұдан әрі – Жиналыс) 28 сәуір 2020 жылғы № 4.10. хаттаманың шешімі негізінде Банктің Директорлар кеңесінің бастамасымен шақырылды.

Акционерлер Жиналыстың өткізілуі туралы, әрі, 2020 жылдың 29 мамырына Жиналыстың кворумы қамтамасыз етілмеген жағдайда, 2020 жылдың 30 мамырында қайта Жиналыстың өткізілуі туралы, 2020 жылдың 29 сәуірінен бастап Банктің жеке хаттарын бағыттау жолымен, сондай-ақ ақпаратты Банктің, Қаржылық есептілік депозитарийінің және «Қазақстан қор биржасы» АҚ интернет ресурстарында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес орналастыру жолымен хабардар етіледі.

Жиналысқа қатысу құқығына ие акционерлердің тізімі 2020 жылдың 28 сәуірі 00 сағат 00 минутына, «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-мен жасалды.

Жиналысқа қатысу құқығына ие акционерлердің тізімін жасау күні жағдайында Банктің жай акцияларға ие акционерлерінің жалпы саны – 26 акционер, артықшылық берілген акцияларға ие акционерлер – 3.

Дауыс беретін акциялар – Қазақстан Республикасы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында (бұдан әрі – АҚ туралы Заң) көзделген жағдайларда дауыс беру құқығына ие, орналастырылған жай акциялар, сондай-ақ артықшылық берілген акциялар. Дауыс беретін акцияларға Банкпен сатып алынған акциялар, сондай-ақ, егер АҚ туралы Заңда өзгеше қарастырылмаса, номиналды ұстауда орналасқан және Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде мәліметтері жоқ меншік иесіне тиесілі акциялар кірмейді.

**29 мамыр 2020 жылғы Жиналыстың басына кворумның болуы туралы анықтамаға сәйкес:**

Жиналысқа қатысу үшін 2 (екі) акционер және 2 (екі) акционер өкілі тіркеуден өтті.

Орналастырылған жай акциялардың жалпы саны	1 605 990 000	дана
Орналастырылған артықшылық берілген акциялардың жалпы саны	450 000	дана
Банкпен сатып алынған акциялардың саны	0	дана
Дауыс беру құқығынан айырылған жай акциялардың саны	0	дана
Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы саны	1 605 990 000	дана
Жиналыс қатысушыларын тіркеу аяқталған сәтте тіркелген дауыстар саны	1 600 113 000	дауыс

Осылайша, Жиналыс қатысушыларын тіркеу аяқталған сәтте, АҚ туралы Заңның 45-бабының 1-т. сәйкес, 1 600 113 000 дауыс саны немесе Банктің орналастырылған дауыс беретін акцияларының жалпы санының 99,634%-ы мөлшерінде кворум бар.

Сондай-ақ Жиналысқа қатысты:

- 1) Толепбергенова Б.К. – Бас бухгалтер;
- 2) Тайлыбаев Д.М. – Қор басқармасы басшысы;
- 3) Мадиева К.Ч. – Корпоративтік хатшы;
- 4) Оспанова А.У. – Қор басқармасының Бас маманы.

Мадиева К.Ч. ханым Жиналыс қатысушылармен сәлемдесіп, акционерлерге және олардың өкілдеріне Жиналысқа қатысқандары үшін алғыс білдірді, және акционерлерді тіркеу нәтижелерін оқып, **Жиналысты заңды деп тануға және оны ашуға** дауыс беруді ұсынды.

Ұсыныс дауыс беруге шығарылды.

*АҚ туралы Заңның 50-бабының 1-т. 3) тармақшасына сәйкес, акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша, акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір тұлғаға бір дауыстан берілу арқылы жүзеге асырылады.*

#### **Дауыс беру нәтижелері:**

«Келісемін» – 4 дауыс;  
«Қарсымын» – жоқ;  
«Дауыс беруден тартынамын» – жоқ.  
Шешім бірауыздан қабылданды.

Мадиева К.Ч. ханым дауыс беру нәтижесі бойынша **Жиналыстың өткізілуін заңды деп тану, сондай-ақ Жиналысты ашу шешімінің қабылданғанын** жариялады.

Мадиева К.Ч. ханым Жиналысты жүргізу үшін Жиналыс Төрағасын және Жиналыс Хатшысын сайлау қажеттігін хабарлады және Жиналыс Төрағасы етіп Мадиева Камила Чапаевнаны және Жиналыс Хатшысы етіп Оспанова Айгуль Умаровнаны сайлауды ұсынды.

Мадиева К.Ч. ханым Жиналыс Төрағасы етіп Мадиева Камила Чапаевнаны және Жиналыс Хатшысы етіп Оспанова Айгуль Умаровнаны сайлау ұсынысын дауыс беруге шығарды.

Қатысып отырған акционерлер және акционерлердің өкілдері дауыс беруге кірісті.

#### **Дауыс беру нәтижелері:**

«Келісемін» – 4 дауыс;  
«Қарсымын» – жоқ;  
«Дауыс беруден тартынамын» – жоқ.

Шешім бірауыздан қабылданды.

Мадиева К.Ч. ханым дауыс беру нәтижесі бойынша Мадиева К.Ч. ханым Жиналыс Төрағасы етіп Мадиева Камила Чапаевнаны және Жиналыс Хатшысы етіп Оспанова Айгуль Умаровнаны сайлау шешімінің қабылданғанын жариялады.

Жиналыс Төрағасы Мадиева К.Ч. Жиналыс қатысушыларымен сәлемдесті және Жиналыс күн тәртібінің барлық мәселелері бойынша АҚ туралы Заңның 50-бабының талаптарына сәйкес ашық, «бір акция – бір дауыс» қағидасы бойынша дауыс беру нысанын анықтауды және осы Жиналыста қабылданатын шешімдер бойынша келесі дауыс беру және дауыс санау тәртібін бекітуді ұсынды:

- Дауыс беру ашық тәсілмен, яғни Жиналысқа қатысып отырған акционерлерді тіркеу кезінде берілген Жиналыста дауыс беру құқығына куәлікті көтеру арқылы жүзеге асырылады;
- Әр акционер Жиналыста дауыс беру кезінде оған тиесілі дауыс беретін акциялардың санына тең дауыс санына ие;
- Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру кезінде акционер қабылданатын шешім бойынша оған тиесілі барлық дауыспен келесі көрсетілген нұсқалардың тек біреуін ғана таңдау арқылы дауыс беруге құқылы: «келісемін», «қарсымын» немесе «дауыс беруден тартынамын»;
- Хатшы акционерлермен келесі дауыс нұсқалары бойынша берілген дауыс сандарын есептейді және жинақтайды: қабылданатын шешімге «қарсы», және «дауыс беруден тартынғандарды»;
- «Келісемін» нұсқасы бойынша берілген дауыстар есептік тәсілмен анықталады: Жиналысқа қатысу үшін тіркелген дауыстардың жалпы санынан акционерлермен «қарсымын», «дауыс беруден тартынамын» дауыс беру нұсқалары бойынша берілген берген дауыстар саны шегеріледі;
- Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумның анықталуы кезінде есепке алынбайды және дауыс беруге құқысыз;
- Жиналысқа қатысу үшін тіркелген, кез келген сесбептермен Жиналыстың жабылуына дейін кетіп қалған акционерлерге тиесілі дауыстар кворумнан шығарылады, бұл ретте акционердің мерзімінен бұрын кетуі Хатшымен тіркеледі;
- Дауыс беру нәтижелерін Жиналыс Төрағасы, Күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша шешім қабылдағаннан кейін, Дауыстарды санау Анықтамасы негізінде хабарлайды.

Жиналыс Төрағасы Мадиева К.Ч. мәселені дауыс беруге шығарды.

*АҚ туралы Заңның 46-бабына сәйкес акционерлердің саны жүзден кем болатын қоғамда есеп комиссиясының функциясы акционерлердің жалпы жиналысының хатшысымен жүзеге асырылады.*

Жиналыс Хатшысы дауыс беруге 4 дауыс қатысқаны туралы хабарлады және дауыс беру нәтижелерін жариялады:

**Дауыс беру нәтижелері:**

«Келісемін» – 4 дауыс;

«Қарсымын» – жоқ;

«Дауыс беруден тартынамын» – жоқ.

Шешім бірауыздан қабылданды.

Жиналыс Төрағасы Мадиева К.Ч. дауыс беру нәтижесі бойынша **Жиналыс жұмысында қолданылатын дауыс беру және дауыс санау тәртібін, дауыс берудің ашық тәсілін бекіту туралы шешім қабылданғанын** жариялады.

Жиналыс Төрағасы Мадиева К.Ч. Жиналыстың келесі жұмыс істеу уақыт тәртібін бекітуді ұсынды:

- баяндама –10 минутқа дейін;
- жарыссөздерде сөз сөйлеу – 5 минутқа дейін;
- жарыссөздер барысында сөз сөйлеу тілегі бар акционерлер қол көтеру арқылы Төрағадан сөз беруді сұрайды.

Жиналыс Төрағасы мәселені дауыс беруге шығарды.

Жиналыс Хатшысы дауыс беруге 4 дауыс қатысқаны туралы хабарлады және **дауыс беру нәтижелерін** жариялады:

**Дауыс беру нәтижелері:**

«Келісемін» – 4 дауыс;

«Қарсымын» – жоқ;

«Дауыс беруден тартынамын» – жоқ.

Шешім бірауыздан қабылданды.

Жиналыс Төрағасы Мадиева К.Ч. дауыс беру нәтижелері бойынша Жиналыстың ұсынылған жұмыс уақыты тәртібін бекіту туралы шешім қабылданғанын жариялады.

«Bank RBK» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы Жиналысының күн тәртібін бекіту туралы» Жиналыс күн тәртібінің бірінші мәселесі. Жиналыс Төрағасы Банк Директорлар кеңесінің бастамасымен шақырылған Жиналыстың АҚ туралы Заң талаптарына сәйкес өткізілетінін, Жиналыс күн тәртібінің мәселелері туралы қатысып отырған акционерлердің алдын ала хабардар екенін хабарлады. Жиналыстың күн тәртібі.

1. «Bank RBK» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы.
2. «Bank RBK» АҚ 2019 жылғы жылдық қаржылық есептілігін және 2019 жылғы аудиторлық ұйымның есебін бекіту туралы.
3. «Bank RBK» АҚ 2019 қаржылық жыл үшін таза табысты бөлу тәртібін анықтау туралы. 2019 жылдың қорытындысы бойынша «Bank RBK» АҚ акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау.
4. «Bank RBK» АҚ Директорлар кеңесі және атқарушы органы мүшелеріне сыйақы мөлшері мен құрамы туралы Банк акционерлерін хабардар ету туралы.
5. «Bank RBK» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының 2019 жылғы әрекеттеріне акционерлердің өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы.
6. «Bank RBK» АҚ Директорлар кеңесі туралы Ережені жаңа редакцияда бекіту туралы.
7. «Bank RBK» АҚ Дивидендтік саясатына өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы.

Жиналыс Төрағасы Мадиева К.Ч. Жиналыс күн тәртібін бекітуді дауыс беруге шығарды.

*АҚ туралы Заңның 43-бабының 3-т. сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналыста ұсынылған, қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілігінің дауысымен жүзеге асырылады.*

Қатысып отырған акционерлер және акционерлердің өкілдері дауыс беруге кірісті.  
Жиналыс Хатшысы дауыс беруге 1 600 113 000 дауыс қатысқаны туралы және  
дауыс беру нәтижелерін хабарлады:

«Келісемін» – 1 600 000 000 дауыс;

«Қарсымын» – жоқ;

«Дауыс беруден тартынамын» – 113 000 дауыс.

Шешім дауыс беруге қатысқан Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілігінің дауысымен қабылданды.

**«Bank RBK» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының келесі күн тәртібін бекіту:**

1. **«Bank RBK» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы.**
2. **«Bank RBK» АҚ 2019 жылғы жылдық қаржылық есептілігін және 2019 жылғы аудиторлық ұйымның есебін бекіту туралы.**
3. **«Bank RBK» АҚ 2019 қаржылық жыл үшін таза табысты бөлу тәртібін анықтау туралы. 2019 жылдың қорытындысы бойынша «Bank RBK» АҚ акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау.**
4. **«Bank RBK» АҚ Директорлар кеңесі және атқарушы органы мүшелеріне сыйақы мөлшері мен құрамы туралы Банк акционерлерін хабардар ету туралы.**
5. **Акционерлердің «Bank RBK» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының 2019 жылғы әрекеттеріне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы.**
6. **«Bank RBK» АҚ Директорлар кеңесі туралы Ережені жаңа редакцияда бекіту туралы.**
7. **«Bank RBK» АҚ Дивидендтік саясатына өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы.**

\*\*\*

Жиналыс күн тәртібінің «Bank RBK» АҚ 2019 жылғы жылдық қаржылық есептілігін және 2019 жылғы аудиторлық ұйымның есебін бекіту туралы» екінші мәселесі.

Дауыс беруге 1 600 113 000 дауыс қатысты:

«Келісемін» – 1 600 000 000 дауыс;

«Қарсымын» – жоқ;

«Дауыс беруден тартынамын» – 113 000 дауыс.

Шешім дауыс беруге қатысқан Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілігінің дауысымен қабылданды:

**Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен бірге, «Bank RBK» АҚ 2019 жыл үшін Қаржылық есептілігін бекіту, оның ішінде:**

- **Қаржылық жағдай туралы есеп;**
- **Жиынтық табыс туралы есеп;**
- **Капиталдағы өзгерістер туралы есеп;**
- **Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп;**
- **Қаржылық есептілікке ескертулер.**

\*\*\*

Жиналыс күн тәртібінің «Bank RBK» АҚ 2019 қаржылық жыл үшін таза табысты бөлу тәртібін анықтау туралы. 2019 жылдың қорытындысы бойынша «Bank RBK» АҚ акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау» үшінші мәселесі.

Дауыс беруге 1 600 113 000 дауыс қатысты:

«Келісемін» – 1 600 000 000 дауыс;

«Қарсымын» – жоқ;

«Дауыс беруден тартынамын» – 113 000 дауыс.

Шешім дауыс беруге қатысқан Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілігінің дауысымен қабылданды:

**«Bank RBK» АҚ 2019 жыл үшін қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша алынған «Bank RBK» АҚ таза табысын бөлудің келесі тәртібін бекіту:**

1. **«Bank RBK» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтерді есептемеу және төлемеу.**
2. **«Bank RBK» АҚ 2019 жылғы 9 486 233 000 (тоғыз миллиард төрт жүз сексен алты миллион екі жүз отыз үш мың) теңге мөлшеріндегі таза табысын Банктің бөлінбеген пайдасының құрамында қалдыру.**

\*\*\*

Жиналыс күн тәртібінің **«Bank RBK» АҚ Директорлар кеңесі және атқарушы органы мүшелеріне сыйақы мөлшері мен құрамы туралы Банк акционерлерін хабардар ету туралы»** төртінші мәселесі.

Дауыс беруге 1 600 113 000 дауыс қатысты:

«Келісемін» – 1 600 000 000 дауыс;

«Қарсымын» – жоқ;

«Дауыс беруден тартынамын» – 113 000 дауыс.

Шешім дауыс беруге қатысқан Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілігінің дауысымен қабылданды.

**«Bank RBK» АҚ 2019 жыл нәтижелері бойынша Директорлар кеңесі және атқарушы органы мүшелеріне сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпаратты назарға алу.**

\*\*\*

Жиналыс күн тәртібінің **«Акционерлердің «Bank RBK» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының 2019 жылғы әрекеттеріне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы»** бесінші мәселесі.

Дауыс беруге 1 600 113 000 дауыс қатысты:

«Келісемін» – 1 600 000 000 дауыс;

«Қарсымын» – жоқ;

«Дауыс беруден тартынамын» – 113 000 дауыс.

Шешім дауыс беруге қатысқан Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілігінің дауысымен қабылданды.

**Акционерлердің Банк акционерлерінің және оның лауазымды тұлғаларының 2019 жыл ішіндегі әрекеттеріне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы ақпаратты назарға алу.**

\*\*\*

Жиналыс күн тәртібінің **«Bank RBK» АҚ Директорлар кеңесі туралы Ережені жаңа редакцияда бекіту туралы»** алтыншы мәселесі.

Дауыс беруге 1 600 113 000 дауыс қатысты:

«Келісемін» – 1 600 000 000 дауыс;

«Қарсымын» – жоқ;

«Дауыс беруден тартынамын» – 113 000 дауыс.

Шешім дауыс беруге қатысқан Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілігінің дауысымен қабылданды.

1. Bank RBK» АҚ Директорлар кеңесі туралы Ережені жаңа редакцияда бекіту.
2. «Bank RBK» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысымен бекітілген өзгерістерді (15.11.2016ж. хаттама), «Bank RBK» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысымен бекітілген өзгерістер мен толықтыруларды (30.05.2019 ж. №1 хаттама) ескере отырып, 29 желтоқсан 2014 жылғы Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен бекітілген «Bank RBK» АҚ Директорлар кеңесі туралы Ереженің күші жойылды деп тан.

ескере отырып,

\*\*\*

Жиналыс күн тәртібінің «Bank RBK» АҚ Дивидендтік саясатына өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы» жетінші мәселесі.

Дауыс беруге 1 600 113 000 дауыс қатысты:

«Келісемін» – 1 600 000 000 дауыс;

«Қарсымын» – жоқ;

«Дауыс беруден тартынамын» – 113 000 дауыс.

Шешім дауыс беруге қатысқан Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілігінің дауысымен қабылданды.

30 мамыр 2019 жылғы «Bank RBK» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының шешімімен бекітілген «Bank RBK» АҚ Дивидендтік саясатына өзгерістер мен толықтыруларды бекіту.

Жиналыс Төрағасы Мадиева К.Ч. Жиналыс күн тәртібінің қаралып біткенін және ол бойынша шешім қабылданғанын хабарлап, Жиналыстың жабылуы туралы жариялады.

ҮЗІНДІ КӨШІРМЕ ДҰРЫС:

Жиналыс Хатшысы:



Оспанова А.У.